

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2015 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 167 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
2014-2018 жылдарға арналған
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
(2016 жылы 21 қазандағы жағдай бойынша өзгерістермен)

Астана 2015 жыл

1-бөлім. Миссиясы және пайымы

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының миссиясы республика аумағында Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына, жедел-іздігі қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және атқарушылық өндірістің заңдылығына жоғары қадағалауды, сотта мемлекет мүдделеріне өкілдік ету, сондай-ақ заңда айқындалған жағдайларда, тәртіпте және шамада қылмыстық қудалауды жүзеге асыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының пайымдауы – заңның үстемдігін, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуды, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қамтамасыз етудің тиімді жүйесі.

2-бөлім. Ағымдағы ахуалды талдау және тәуекелдерді басқару

1-стратегиялық бағыт. Заңдылықты қамтамасыз етуге және азаматтардың конституциялық құқықтарын мүлтіксіз сақтауға бағытталған қадағалау қызметінің тиімділігін арттыру.

1.1) Реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (бұдан әрі - «Қазақстан-2050» Стратегиясы) атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, мемлекет құқық қорғау органдарын және арнайы қызметтерді реформалауды жалғастыруды көздейді, оларсыз тәртіпсіздіктерге «нөлдік» төзімділікті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықты жою міндеттерін шешу мүмкін емес.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік институттардың жұмысын жетілдіру негізгі міндеттердің бірі ретінде белгіленген, себебі әлемнің дамыған 30 мемлекеттерінің қатарына кіру жолында мемлекетке адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет атмосферасы қажет.

Жоғарыда келтірілген талаптарды ескере отырып, Бас прокуратура (бұдан әрі – Бас прокуратура) стратегиялық бағыттардың бірі ретінде заңдылықты қамтамасыз етуге және азаматтардың конституциялық құқықтарын мүлтіксіз сақтауға бағытталған қадағалау қызметінің тиімділігін арттыруды белгіледі.

Прокуратура органдары заңдылықты қамтамасыз ету және қалпына келтіру тетігіндегі тиімді әрі негізгі буын болып табылатындығын тәжірибе растап отыр.

2014 жылы әлеуметтік-экономикалық салада прокуратуралар 15112 тексерістерді (2012 жылы – 22482, 2013 жылы – 23273) жүргізіп, олардың барысында 394952 заң бұзушылықты анықтады (2012 жылы – 430081, 2013 жылы – 452179). Прокурорлық қадағалау актілерін енгізудің нәтижесінде 557 ұйғарымдар орындалды (2012 жылы – 662, 2013 жылы – 813), 7306 шағымдар қанағаттандырылды (2012 жылы – 22482, 2013 жылы – 23273), 19087 ұсыныстар қаралды (2012 жылы – 20559, 2013 жылы – 20603), 414742 азаматтардың конституциялық құқықтары қорғалды (2012 жылы – 545299, 2013 жылы – 431116), заңда белгіленген жауапкершілікке 55100 тұлғалар тартылды (2012 жылы – 58687, 2013 жылы – 60372), 31631 заңсыз құқықтық актілер жойылды және өзгертілді (2012 жылы – 31816, 2013 жылы – 32867).

Жоғарыда келтірілген статистика 2014 жылы көрсеткіштердің жалпылай төмендегенін көрсетеді. Осындай жағдай «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды жақсарту жөніндегі түбегейлі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 27 ақпандағы Жарлығын іске асыруға байланысты болып отыр. Осы кезде, прокурорлық қадағалау актілерін енгізудің төмендеуіне қарамастан, 2014 жылы прокуратура органдары мемлекет кірісіне 74,1 млрд. теңгеден астам қаражаттар өндірілді, ол өткен екі жылда өндірілген қаражаттардың жалпы құнына тең (2012 жылы – 35,1 млрд. теңге, 2013 жылы – 36,9 млрд. теңге).

Қылмыстық процестің сотқа дейінгі аралығына қадағалау желісі бойынша прокурорлар әкімшілік өндіріс туралы 6009 ұсыныстар мен қаулылар енгізді (2012 жылы – 7425, 2013 жылы – 7194). Оларды қарастырудың нәтижесі бойынша 6964 қызметкер жазаланды (2012 жылы – 7217, 2013 жылы – 7550), оның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзғаны үшін – 502 (2012 жылы – 498, 2013 жылы – 588). Жедел-іздістіру қызметінің заңдылығын қадағалау бойынша 3609 тексеріс жүргізілген (2012 жылы – 4382, 2013 жылы – 4179). 2358 прокурорлық қадағалау актілері (2012 жылы – 3765, 2013 жылы – 2701) бойынша әкімшілік жауапкершілікке 2922 лауазымды тұлғалар тартылды (2012 жылы – 3180, 2013 жылы – 3114).

Сонымен қатар, бас бостандығынан айыру және алдын-ала қамауға алу орындарында керісінше прокурорлық қадағалауды күшейту байқалуда. Атап айтқанда, 2014 жылы прокурорлар 71151 тексерістер жүргізді (2012 жылы – 64983, 2013 жылы – 71303), оның барысында 13182 заңдылықты бұзу анықталды (2012 жылы – 9071, 2013 жылы – 12797), 1418 ден қою актілері енгізілді (2012 жылы – 2212, 2013 жылы – 2072). Осы жұмыстардың нәтижелері бойынша әкімшілік жауапкершілікке 3141 лауазымды тұлға тартылды (2012 жылы – 2186, 2013 жылы – 2934), 6 бас бостандығынан айырылғандарға қатысты қылмыстық істер ашылды (2012 жылы – 6, 2013 жылы – 12). Прокурорлар тарапынан карцерлерде, айыппұлдық және тәртіптік оқшаулау

орындарында камералық үлгідегі үй-жайларда және жеке камераларда, уақытша ұстау изоляторларында заңсыз ұсталған 38 тұлғалар босатылды (2012 жылы – 36, 2013 жылы – 40).

Сонымен қатар, қазақстандық қоғам мен заңнаманың дамуының объективті жағдайлары қарқынды өзгеріп отыратын шындық жағдайында заңдылықты қамтамасыз етудің тың заманауи үлгілерін әзірлеуді, қалыптастыруды және нақты іске асыруды талап етеді және прокуратура органдары мұндай сын-қатерге дайын.

Мысалы, 2015 жылы жаңа Қылмыстық-процестік (бұдан әрі – ҚПК) және Қылмыстық кодекстер (бұдан әрі – ҚК) қолданысқа енгізілді, оларды Бас прокуратура әзірлеген.

Жаңа ҚПК-ның қолданысы өзінің оң нәтижелерін беріп үлгерді. Кепіл мөлшерлері екі есеге азайды, бұл осы бұлтартпау шарасын кеңірек қолдануға мүмкіндік берді. 2015 жылдың 9 айы ішінде кепіл өткен жылғы 2738-бен салыстырғанда 12 мыңнан астам тұлғаға қатысты (12523) қолданылды. Атқарылатын жұмыс дамыған шет елдердегідей істердің 90%-ға жуығына қатысты кепіл қолдану тәжірибесін кеңейтуді көздейді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жеделдетілген тәртіпте аяқтау мүмкіндігі, тергеп-тексеруді 15 тәулік ішінде бітіруге және 8120 істі сотқа жіберуге мүмкіндік берді, немесе сотқа жіберілген істердің 17,9% (45135). Хаттамалық нысанды пайдалану нәтижесінде 16620 немесе 36,8% қылмыстық теріс қылықтар туралы істердің өндірісі аяқталды. Кінәні мойындау туралы мәміле институтын қолдану өз нәтижесін беруде. Осылайша, 2015 жылдың 9 айында 45135 сотқа жіберілген істің 3060-ы бойынша кінәні мойындау туралы мәміле қолданылды. Келешекте бұл жұмыс тергеп-тексеру органдарына түсетін жүктемені азайтуға, және ең бастысы, түрме тұрғындарының деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. «Процестік прокурор» тұлғасын енгізу қылмыстық процестің барлық кезеңінде толыққанды қадағалау жүргізуге, соның ішінде сотта мемлекеттік айыптауды қолдауға мүмкіндік беріп отыр. 2015 жыл ішінде неғұрлым өзекті және күрделі 991 қылмыстық іс бойынша процестік прокурорлар анықталды, олардың 485-і бойынша іс сотқа жіберілді.

1.2) Негізгі проблемаларды талдау.

Соңғы жылдардың статистикасына сүйенсек, прокуратура органдары қабылдап жатқан шараларға қарамастан, заң бұзушылықтар әлі де көрініс табуда. Оның үстіне, соңғы 3 жылдың ішінде әлеуметтік-экономикалық саладағы заң бұзушылықтар саны азаяр емес (2012 жылы – 430081, 2013 жылы – 452179, 2014 жылы – 394952). Ал қадағалау тексерістердің саны өзгеріссіз қалуда (2012 жылы – 22482, 2013 жылы – 23273, 2014 жылы - 15112). Соңғы азаюға тек жарияланған мораторий ғана әсер етті.

Сотқа дейінгі кезеңді қадағалау саласында да осыған ұқсас жағдай байқалып отыр, мұнда прокурорлар қылмыстық қудалау органдарының қызметінде үнемі түрлі заң бұзушылықтарды анықтайды. 2014 жылы бұл бағытта заң бұзушылық мәселелері бойынша 7194 ұсыныс және қаулы енгізілді (2012 жылы – 7425, 2013 жылы – 7194). Жасырылған 1524 қылмыс анықталып, есепке

алынды (2012 жылы – 2471, 2013 жылы – 1712), заңсыз ұсталған 459 тұлға қызметтік бөлмелерден босатылды (2012 жылы – 857, 2013 жылы – 803).

Бір жағынан, бұл прокурорлардың белсенділігін, тексерістер мен прокуратура органдары жұмысының талдамалық тұсының сапасын көрсетеді. Екінші жағынан, аталған мән-жайлар анықталған заң бұзушылықтардың кейде жойылмайтынын, болмаса қайталанатынын білдіреді.

Осыған байланысты, прокуратура органдары қабылданатын шараларды күшейту мақсатында заң бұзушылықты іс жүзінде жоюды және алдын алу жұмыстарының сапасын арттыруды қамтамасыз етуге ден қойып отыр. Бұл шараларды қолдану - тексеріс кезінде анықталған заң бұзушылықтарды ықпал етудің әрбір актісін оны түзету мен теріс әсерді жою үшін бақылау деген сөз. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуде прокуратура органдары нысандар мен тәсілдерді, сондай-ақ қызметтің процестік негіздерін жетілдіру арқылы бар күш-жігерді қадағалаудың тиімділігін арттыруға жұмсайтын болады.

Қылмысқа қарсы күресте Қазақстан Республикасынан тысқары жерде тергеп-тексеруден және соттан жасырынып жүрген қылмыскерді экстрадициялау мүмкіндігі маңызды рөл алады. Бұл ретте тиісті халықаралық шарттар жасалмаған елдермен бірқатар қиыншылықтар туындайды.

Заңның үстемдігін, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуды қамтамасыз етуде прокуратураның құқық қорғау жүйесіндегі үйлестіру рөлі аса маңызды екені сөзсіз және бұл бағытта прокуратура органдары ауқымды жұмыс атқаруда. 2014 жылы Қазақстан Республикасын заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі Үйлестіру Кеңесінің отырыстарында 6 өзекті мәселе қаралып, Бас прокуратураның алқа отырыстарында 10 мәселе талқыланды.

Бүгінде, көкейтесті мәселелердің қатарында ведомствоаралық өзара әрекет етумен бірге, құқық қорғау органдарының азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекет ету мәселесі тұр, жасыратыны жоқ, осындай өзара әрекет ету деңгейі әлі күнге дейін сапасыз және осы заманғы құқықтық мемлекеттің алға қойған міндеттерін орындауға сай емес.

Қазіргі таңда прокуратура органдары әрекет етуші қоғамдық кеңестер арқылы жұмысты жандандыруға бағдарланды. 2014 жылдың өзінде прокуратура органдары қоғамдық кеңестердің 71 отырысын өткізді, олардың мүшелері алқа және үйлестіру кеңестерінің 108 отырысына, сондай-ақ аумақтық прокуратуралар ұйымдастырған басқа да 170 іс-шараларға қатысты. Сонымен бірге, кеңес мүшелері қаралып отырған мәселелерді қызу талқылап, сол салалардағы заңдылықтың жай-күйін жақсарту бойынша бағалы ұсынымдар беріп қана қоймай, отырыстың қорытындысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялады, сонысымен прокуратура органдарының имиджін көтеруге септігін тигізді.

1.3) Тәуекелдерді басқару.

Мақсатқа қол жеткізуге ықпал ететін тәуекелдердің аты 1	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар 2
Заңнамалардың жетілдірілмеуі (құқық нормалары арасындағы қарама-қайшылықтар, құқықтық ақтаңдақтар және т.б.) азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен еркіндіктерін және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мен заңдылықтарын қамтамасыз етуде қиындықтар тудыруы мүмкін.	Заңнамаларды жетілдіру туралы ұсыныстарды ойластырып және жүзеге асыру қарастырылған, оның ішінде өкілетті мемлекеттік органдар арқылы, нормативтік-құқықтық актілер мониторингіне қадағалау әрекетін іске асыру барысында.
Мемлекеттік органдардағы құқық қолданудың бір мағыналы емес практикасы азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен еркіндіктерін және заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.	Прокуратура органдарының Үйлестіру кеңесінің, алқа мәжілісінің және басқа да ведомствоаралық жиындар мен шаралардың аясында ведомствоаралық өзара әрекеттестікті іске асыру
Прокурорлардың Прокуратура органдары мен мекемелері қызметкерлерінің ар-намыс кодексін сақтамауы (орындамауы), олардың құқық бұзушылығы, оның ішінде сыбайлас жемқорлық бойынша да, қоғамның прокуратура органдарына деген сенім деңгейін төмендетуі мүмкін	Прокуратура органдары мен мекемелері қызметкерлерінің ар-намыс кодексі талаптарын бұзудың алдын алуға бағытталған алдын-алу шаралары кешенін жүзеге асыру, өз қатарларындағы сыбайлас жемқорлықтың белгілеріне қарсы әрекет ету.
Кадрлардың тоқтамауы, білікті қызметкерлердің кетуі қадағалау жұмысын жүзеге асырудың сапасына жағымсыз ықпал етуі мүмкін	Персоналды басқару жүйесін жетілдіру. Прокуратура органдарында қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды, қызметтік өсуге жағдай жасауды, қызметтен өту барысындағы ынталандыру мен көтермелеудің түрлі формаларын енгізуді, жұмыс істеуге дұрыс жағдай жасауды, тұрғын үй-тұрмыстық мәселелерін шешуге көмектесуді қалыптастыру.

2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені дамыту және жетілдіру.

2.1) Реттелетін сала мен қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері.

Ақпараттық-техникалық мүмкіндікті жетілдіру шарттарының маңызды бағыты мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру, дамыту және арнайы есебін жүргізу болып саналады.

Қазіргі жағдайларда аталған бағытты дамыту мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру үдерісін толық автоматтандыруды және арнайы есебін жүргізуді, мемлекеттік органдарды ақпараттық жүйелермен біріктіру, сондай-ақ жеке ақпараттық жүйені құру және дамытуды талап етеді.

Осы мақсаттарда өзара әрекет етудің 12 сервисін біріктіруді қамтамасыз ететін құқыққорғау және арнайы органдардың

ақпарат алмасу жүйесін (бұдан әрі – ҚАО ААЖ) дамытудың 4-деңгейі іске асырылды. Құқыққорғау органдарында соның көмегімен қызметтік мақсатта ақпаратты пайдалану және электрондық түрде (онлайн-режимінде) қажетті мәліметтерді жедел алу үшін мемлекеттік органның дерекқорларына қолжетімділік ұсынылды.

Электрондық форматта өтініштердің, хабарламалардың, шағымдардың және қылмыс, оқиға, қылмыстық іс туралы басқа да ақпараттарды, оларды тергеу нәтижесі, прокурорлық бақылау электрондық сандық қолтаңбаны пайдаланумен онлайн режимінде ақпараттық есептік құжаттарды енгізу жолымен Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің барлық аймақтық басқармаларына өткізілген.

ҚСЖАЕЖК құрылған борышкерлік міндеті бар барлық жеке және заңды тұлғалардың мәліметтері автоматты режимде жиналатын «Шектеу» борышкерлердің орталықтандырылған деректер қоры» бірыңғай деректер қоры белсенді жұмыс жасайды. Бүгінгі күнде ұсынылған қолжетімділік аясында мемлекеттік органдар өздерінің әкімшілік материалдарын қарау барысын қадағалау мүмкіндігі бар, сондай-ақ аймақтық бөлімшелер бойынша оның орындалу мерзімін бақылайды. Жеке тұлғалар өзінің сандық таңбасының көмегімен «Ақпараттық сервис» порталында қарызының бар-жоқтығы туралы деректерді алып қана қоймай, әкімшілік айыппұлды төлеуге түбіртеккі басып шығара алады. «Ақпараттық сервис» порталынан шықпай, «Электрондық үкімет» төлем шлюзіне өтуге және онлайн режимде қарызын төлеуге мүмкіндік бар.

Қазіргі таңда мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есебін жүргізу саласында ҚСЖАЕК есептілік нысанды автоматтандыруға бағытталған. Аталған бағытта ауқымды жұмыс көлемі 27 есептілік нысаны автоматтандырылған 2014 жылы атқарылды. 2015 жылы 6 нысан автоматтандырылуы тиіс. Толық автоматтандыруға жататын арнайы есеп түрлерінің саны 19 болды, 2014 жылы оның 3-еуі автоматтандырылды, 2015 жылы 6-ы автоматтандыруға жатады.

2.2) Негізгі проблемаларды талдау.

Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру мен дамыту жеткілікті ақпаратты – технологиялық ресурстарды талап етеді. Бірақ, осы саланың даму жылдары прокуратура органдарына қойылған мәселелерді орындау үшін қолданыстағы инфрақұрылым жеткіліксіз екендігін көрсетеді. Негізгі қызмет бойынша қолданылып жатқан электронды деректер базасының функционалдық талаптарға сәйкестігі әлі толық көлемде емес.

ҚСЖАЕК үшін аталған проблеманы ескере отырып басым шара болып бұдан әрі бағдарламалық-технологиялық және техникалық жаңғырту табылады, ол құқықтық статистика мен арнайы есепке алудың бұдан әрі автоматтандырылуын және ақпараттандырылуын, құқықтық әрекеттерді мониторингілеу жүйесін және құқықтық ақпараттың тарау механизмін

жақсартуды қамтамасыз ететін іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді. Бұл шаралар статистикалық деректерді манипуляциялау және оларды жасанды жоғарылату мүмкіндігін төмендетуге бағытталған.

ҚСЖАЕК ақпараттық жүйесімен құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің ақпараттық жүйесін біріктіру жөніндегі өткізіліп жатқан жұмыстар аясында құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің нашар материалдық-техникалық қамсыздандырылуы бөлек проблема болып отыр. Мәселен, денсаулық сақтау және сот сараптамасы органдарының дайын болмауы статистикалық есептерді қағаз жеткізгіштерді ұсынуға әкеп соғады. Осындай проблемалармен (нашар материалдық-техникалық базамен) прокуратура органдары Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңға тізілімі (бұдан әрі – СДТБТ) жасағанда да кездесті. Аталған проблема тек техникалық сипаттағы проблема болып табылады, және лайықты қаржыландырылған жағдайда шешіледі.

2.3) Тәуекелдерді басқару

Мақсатқа қол жеткізуге ықпал ететін тәуекелдердің аты	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар
1	2
Құқықтық статистика мен арнайы есеп субъектілерін материалдық-техникалық жарақтандырудың осалдығы олардың автоматтандыру мен интеграцияға дайын болмауына әкеп соғуы мүмкін.	Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесін интеграциялау саласындағы өзара әрекеттестікті дамыту, пайда болған өзекті мәселелерді (Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінің дайындықсыздығы) ведомствоаралық мәжілістерде қарау, олар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігіне, Қазақстан Республикасы Үкіметіне және өкілетті мемлекеттік органдарға жолдау.
Елдің жекелеген өңірлерінде қажетті байланыс арналарының болмауы автоматтандыру мен интеграцияға дайын болмауына әкеп соғуы мүмкін.	

3-бөлім. Аяны/саланы дамытудың басым бағыттары

1-стратегиялық бағыт. Заңдылықты қамтамасыз етуге және азаматтардың конституциялық құқықтарын бұлжытпай сақтауға бағытталған қадағалау қызметінің тиімділігін арттыру.

Прокуратура органдары қызметінің мазмұны мен бағыттары ҚР «Прокуратура туралы» Заңының 4-бабында нақты айқындалған. Жалпы құқықтық қорғау органы ретіндегі прокуратураның барлық қызметі заңның басымдылығын күшейтуге, прокурорлық байқаудың барлық саласында азамат және адамның конституциялық құқықтары мен еркіндігін қатаң сақтауға бағытталған.

Жоғары тұрған стратегиялық құжаттармен құқық қорғау жүйесінің үйлестіруші органы ретіндегі прокуратура органдары жұмысының сапасын көтеру негізгі басым болып айқындалған. Осыған орай, Бас прокуратурамен мүдделі мемлекеттік органдар бірлесіп әлемдік стандарттарға сай сенімді құқық қорғау жүйесі үшін құқықтық негіз жасайтын, онда адам құқығы есеп нүктесі болатын және негізгі орынды алатын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 720 Жарлығымен бекітілген 2014 – 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – Мемлекеттік жаңғырту бағдарламасы). Құқық қорғау қызметін жетілдіру бойынша түйінді ұстанымдар Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығымен бекітілген Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада (бұдан әрі - Тұжырымдама) да айқындалған. Мемлекеттік жаңғырту бағдарламасы мен Тұжырымдамасын іске асыру – адам құқығының негізгі қайнар көз ретінде өзекті орынға ие халықаралық стандарттарға сай, сенімді құқық қорғау жүйесінің құқықтық негізін қалайды. Негізгі индикатор – барлық құқық қорғау органдарының қызметіне деген тұрғындардың сенім деңгейін арттыру.

Мемлекеттік жаңғырту бағдарламасының аясында Тұжырымдаманы құқық қорғау органдарымен көрсетіліп жатқан мемлекеттік қызметтер стандартталады, тұрғындарды құқықтық тәрбиелеу, құқықтық мәдениеттің және құқықтық сезімін арттыру, жоғары білімді кадрлық құрамды құрастыру жөніндегі іс – шаралар болады. Тұрғындардың, азаматтық қоғам институттарының («құқық қорғау органы – қоғам – азамат» үлгісінде халықпен тікелей байланыс), құқық қорғау органдарымен өзара әрекет етуінің жаңа түрлері, білім жүйесі және құқық қорғау органдарының қызметін ғылыми қамсыздандыру әрі қарай дамиды.

Бұл бағыттағы қадамдардың бірі «Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 4 мамырдағы №15 Жарлығын қабылдау болды (бұдан әрі – Құқық қорғау органдары академиясы). Оның қызметінің негізгі бағыттары ретінде мыналар айқындалды: құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының президенттік басшы резервінде тұрған қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру; құқық қорғау қызметі саласында ведомствоаралық ғылыми зерттеулер жүргізу және оларды үйлестіру; жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру.

Дәл осы Мемлекеттік жаңғырту бағдарламасын және Тұжырымдаманы іске асыру 2020 жылға қарай құқық қорғау жүйесінің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғау, сондай-ақ елдегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ұлт жоспары – Қазақстан Республикасы Президентінің бес институционалдық реформасын іске асыру бойынша 100 нақты

қадамды орындау үшін, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексі бойынша, азаматтық-құқықтық даулар бойынша сотта прокурордың қатысуы қысқартылады (26-шы қадам). 32-ші қадамның шеңберінде «Қылмыстық құқық бұзу картасы» интернет-порталы құрылатын болады, онда бір бір аптадан әрі кетпейтін мерзімде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркелетін болады. Порталдың негізгі ақпараттық көзі СДТБТ-де тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер болады. Порталды құрумен жергілікті атқарушы органдарда және азаматтарда жергілікті полиция қызметтерінің есептілік тетігін тиімді іске асыруға және олардың жұмысының тиімділігін бағалауға мүмкіндік пайда болады.

Сонымен бірге, әлеуметтік өмірдің көптеген үдерістері мен құбылыстарымен байланысты болғандықтан, заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту кешендік сипатта болады. Ішкі факторлардың сан алуандығының арасында, осы міндеттерді шешуге әсер ететін негізгі мәні мемлекеттің экономикалық дамуының, әлеуметтік-саяси жағдай, халықтың құқықтық ұғымының деңгейі мәселелерінің болуы. Осыған байланысты, прокуратура органдары қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында өкілдік және атқарушы органдармен, құқық қорғау, бақылаушы басқа да органдармен, сондай-ақ қоғамдық құрылымдармен заңдылықты нығайту мәселелері бойынша қарым-қатынастың тиімділігін арттыруға көзделген.

Ішкі факторлардың арасында мыналарды атауға болады: қадағалау қызметін дер кезінде және шұғыл түзету, оларды заңдылықты нығайтудың басты, негізгі міндеттерін шешуге бағыттау; ғылым мен практиканың жаңа жетістіктерін, құқық бұзушылықты анықтау және жоюдың озық әдістері мен тәсілдерін енгізу; прокурорлық тексеру және прокурорлық қадағалау актілерінің сапасын арттыру, олардың орындалуына прокурор тарапынан бақылауды күшейту; прокурордың кәсіби дағдыларын жетілдіру.

2-стратегиялық бағыт. «Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені дамыту және жетілдіру».

Прокуратура қызметінің маңызды бағыты мемлекеттік органдарды тиімді және шұғыл жүйелерді құру және дамыту, жеке және заңды тұлғаларды құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Осы себеп бойынша, екінші стратегиялық бағыт мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйелерді дамыту және жетілдіру болып айқындалады. Осы бағыттың дамуы мемлекеттік органдардың жұмысын біраз жеңілдететін барлық мүдделі субъектілерді қажетті құқықтық статистикалық ақпаратпен шұғыл режимде қамтамасыз етуді талап етеді. Жоғарыда көрсетілгендей, соңғы жылдары үлкен көлемде жұмыс атқарылды, қажетті нәтижеге қол жеткізілді.

Мысалы, прокуратура органдарының бастамасы бойынша енгізілген қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды электрондық тіркеу (электрондық АЕК) есептік-тіркеу тәртібін нығайтуға мүмкіндік берді.

2015 жылдан бастап, жаңа Қылмыстық және Қылмыстық істер жүргізу кодекстеріне сәйкес ҚСЖАЕК күші СДТБТ ақпараттық жүйесінің дамуына бағытталған. Жаңа ҚПК ережесіне сәйкес, сотқа дейінгі тексерудің басы арызды тіркеу, СДТБТ қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлама болып табылады. Одан басқа, СДТБТ әрі қарай дамуы қылмыстық іс жүргізу құжаттарын электрондық түрде толтыру мүмкіндігін көздейді, болашақта тексерудің бірыңғай стандарттарын құруға мүмкіндік беретін электрондық қылмыстық істің шаблондарын қалыптастыруды қарастырады.

Жалпы алғанда, тексеруге дейінгі кезеңді қысқарту азаматтардың құқығын сақтауға оң әсерін тигізбек, алдыңғы қозғалған қылмыстық істі қосарлануын және үлкен көлемде жүргізуін болдырмайды. Осыған байланысты, азаматтарды қылмыстық іске тарту 10%-ға азайды. Атап айтқанда, 2015 жылдың 10 айында 325 мың арыз бойынша сотқа дейінгі тексеру (325 511), басталды, ал 2014 жылдың осы кезеңінде 287 түскен арыздар бойынша сотқа дейінгі тексеру (287 311) жүргізілген.

Жеке және заңды тұлғаларды статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету шеңберінде прократура органдарымен құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының көрсететін мемлекеттік қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасымен тұтынушыларды қанағаттандыруды арттыру бойынша шаралар қолданылады. Мысалы, 2014 жылдың өзінде ҚСЖАЕК есебі бойынша мәліметтердің жоқтығы туралы 1 613 667 анықтама берілген тұлғаның қылмыс жасауы немесе олардың нәтижелері бойынша ҚСЖАЕК қарау бойынша анықтама түрінде ресімделген (2012 жылы – 658 823, 2013 жылы – 1 075 914). «Сотталғандығының болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің уақтылығы, анықтығы және толықтығы нәтижелерін қамтамасыз ету мақсатында ҚСЖАЕК ақпараттық жүйелердің бағдарламалық қамтамасыз етуі жұмыс істейді және егер мәліметтер болмаған жағдайда орындау 15 минут, болған жағдайда ХҚКО және «Электрондық үкімет» арқылы - 3 күндік мерзімде сұрауды орындау қамтамасыз етілген.

4-бөлім. Стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысының құрылымы



5-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар және нысаналы көрсеткіштер

№	Нысаналы индикатор	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлш. бір.	Есепті кезең	Ағымдағы жылдың жоспары					
						2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1-стратегиялық бағыт. Заңдылықты және азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарының, бостандықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерінің бұлжымай сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған қадағалау қызметінің тиімділігін арттыру											
Мақсат 1.1. Заңның үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау											
1.	Халықтың прокуратура органдарына деген сенімінің деңгейі	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	сауалнама жүргізу	%	58	59,5	61	62,5	64	65,5	67
2.	Шешім шығара отырып қаралған істердің санындағы мемлекеттік билік органдары мен лауазымды тұлғалардың (бақылау-қадағалау, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың) іс-әрекеттері мен шешімдерін (немесе әрекетсіздігін) даулау туралы істер бойынша сот қанағаттандырған арыздардың үлес салмағы	Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалауға жетекшілік ететін Бас Прокурордың орынбасары	стат. деректер	%	51,5	50,5	49	48	47,5	47	46,5
3.	Прокурорлық қадағалау актілері бойынша жойылған заң бұзушылықтардың, олардың пайда болуының себептері мен жағдайларының анықталғандарға қатысты үлесі (әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау мәселелері бойынша)	Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалауға жетекшілік ететін Бас Прокурордың орынбасары	стат. деректер	%	75	77,5	81	83	91,8	87	89

№	Нысаналы индикатор	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлш. бір.	Есепті кезең	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлық кезең				
							2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл
4.	Қаралған шағымдарға (тергеудің, анықтаудың және жедел-іздігіру қызметінің заңдылығын қадағалау мәселелері бойынша) қатысты прокуратура органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың сот қанағаттандырған шағымдарының үлес салмағы	Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында және жедел-іздігіру қызметінің заңдылығын қадағалауға жетекшілік ететін Бас Прокурордың орынбасары	стат. деректер	%	23,5	23	22	21,5	21	20,5	20
5.	Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің заңсыз шешімдері мен әрекеттеріне жасалған прокурорлардың бас тартылған наразылықтарының үлес салмағы	Ұсталған, қамауға алынған және қылмыстық жазаны өтеуші адамдардың құқықтарының сақталуын қадағалауға жетекшілік ететін Бас Прокурордың орынбасары	стат. деректер	%	13,5	12	5	4	3	2	1
Мақсат 1.2. Сотқа дейінгі тергеу өндірісін жүргізуде арнайы прокурорлармен азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау											
6.	Қылмыстық істерін арнайы прокурорлар тергеген ақталған адамдардың үлес салмағы	Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында және жедел-	стат. деректер	%	15	13	5	4,2	4	3,5	3

№	Нысаналы индикатор	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлш. бір.	Есепті кезең	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлық кезең					
							2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
		іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалауға жетекшілік ететін Бас Прокурордың орынбасары										
Мақсат 1.3. Шетелдік арбитраждарда және сот органдарында мемлекеттің мүдделерін тиімді қорғау												
7.	Шетелдік мемлекеттер аймағында іздеу жарияланған және қамауда ұсталған Қазақстан Республикасы азаматтарын беру туралы қанағаттандырылған талаптардың үлес салмағы	Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалауға жетекшілік ететін Бас Прокурордың орынбасары	стат. деректер	%			87,7	88	88,5	89	89,5	
2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйесін жетілдіру және дамыту												
Мақсат 2.1. Мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің тиімді және оперативті жүйесін құру және дамыту												
8.	Электрондық форматта берілетін құқықтық статистикалық ақпарат пен арнайы есепке алу мәліметтері нысандарының және түрлерінің үлес салмағы	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	ҚСЖАЕК деректері	%		27	55	72	85	92	98	
9.	Сотқа дейінгі тергеудің электронды жүйесі арқылы электронды түрде ұсынылатын статистикалық есептердің	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	ҚСЖАЕК деректері	%				70	70	70	70	

№	Нысаналы индикатор	Жауаптылар	Ақпарат көзі	Өлш. бір.	Есепті кезең	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлық кезең					
							2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
	үлес салмағы											
10.	Мемлекеттік органдардың дерекқорлармен ақпараттық өзара әрекет етуінің үлес салмағы	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	ҚСЖАЕК деректері	%		71	85	92	92	92	92	92
Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекелестік индекстің нысаналы индикаторлар												
11.	Саясаткерлерге қоғамдық сенім білдіру	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	ДЭФ ЖБИ есебі	ұстаным				29	29	29	29	29
12.	Шенеуніктердің шешімдеріндегі жеңіске үміткерлік	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	ДЭФ ЖБИ есебі	ұстаным				50	48	45	43	43
13.	Мемсекторда шешімдер қабылдаудың мөлдірлігі	Бас Прокурордың бірінші орынбасары	ДЭФ ЖБИ есебі	ұстаным				30	30	30	26	26

6-бөлім. Ресурстар

Ресурстар	Өлш. бір.	Есепті кезең	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлық кезең		
		2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1	2	3	4	5	6	7
Қаржылық, барлығы	мыңтеңге	26 025 410,8	28 469 853,2	26 927 231,5	24 411 856	24 000 329
Оның ішінде:						
Мақсат 1.1. Заңның үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау						
Бюджеттік бағдарлама 018 «Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін жоғарылату және жоғары білімнен кейінгі білім беру»	мыңтеңге		1 018 934	1 168 531	1 056 101	1 075 037
Бюджеттік бағдарлама 101 «Өкілдік шығындарға арналған қаражат есебінен іс-шаралар өткізу»	мыңтеңге	18 835,7	108 852,2	5 820,5		
Бюджеттік бағдарлама 138 «Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету»	мыңтеңге			17 587		
Мақсат 1.2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісін жүргізуде арнайы прокурорлардың азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтауы						
Бюджеттік бағдарлама 009 «Қылмыстық процестерге қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету»	мыңтеңге	84 086,7	55 000	40 000	57 975	57 975
Мақсат 1.3. Шетелдік арбитраждарда және сот органдарында мемлекеттің мүдделерін тиімді қорғау						
Бюджеттік бағдарлама 014 «Мемлекет мүдделерін білдіру және қорғау»	мыңтеңге	150 000	135 000	2 987 027	1 550 000	1 550 000
Мақсат 2.1. Мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің тиімді және жедел жүйесін құру және дамыту						
Бюджеттік бағдарлама 015 «Құқықтық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етудің жедел жүйесін құру»	мыңтеңге	285 763	1 528 314	1 794	1 794	1 794
Стратегиялық жоспардың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қаржылық ресурстар						
Бюджеттік бағдарлама 001 «Қазақстан Республикасында заңдардың және заңға тәуелді актілердің дәлме-дәл және бірізді қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру»	мыңтеңге	28 259 730,6	26 294 051	22 269 794	21 745 986	21 315 523
Адамы	бірлік	5 476	5 606	5 606	5 606	5 636